

## Қордай ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелерін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Жамбыл облысы Қордай аудандық мәслихатының 2009 жылғы 27 қантардағы № 13-4 Шешімі. Жамбыл облысы Қордай ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 26 ақпанда 73 нөмірімен тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Қордай аудандық мәслихатының 2010 жылғы 24 желтоқсандағы № 34-18 Шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Қордай аудандық мәслихатының 2010.12.24 № 34-18 Шешімімен.**

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 бабына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТИ**:

1. Қоса беріліп отырған Қордай ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелері бекітілсін.

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы	Аудандық мәслихат хатшысы
Э. Заманов	Т. Сүгірбай
Қордай	аудандық
2009	жылғы
№ 13-4 шешімімен бекітілген	
27	
мәслихатының қантардағы	

## **Қордай ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелері**

Осы Қордай ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелері "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 бабына сәйкес әзірленген және тұрғын жайды ұстауға (жеке тұрғын үйді ұстаудан басқа), коммуналдық қызметтерді тұтынуға ақы төлеуге табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындайды.

### **1. Жалпы ережелер**

1. Тұрғын үй көмегі Қордай ауданында тұрақты тұратын және тұрғын жайдың меншік иесі немесе жалдаушысы (қосымша жалға алушылары) болып табылатын, орта есеппен жан басына шаққандағы табысы азық-тұлік себетінің құнынан аспайтын табысы аз отбасыларына (азаматтарға) көрсетіледі.

2. Орта есеппен жан басына шаққандағы табысын есептеу үшін "Қордай ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (әрі қарай - уәкілетті орган) тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысы анықталады.

3. Отбасының жиынтық табысын анықтау кезінде отбасының құрамында бірге тұратын, отбасының барлық мүшелері ескеріледі.

4. Отбасының (азаматтың) жиынтық табысын анықтау кезінде тұрғын үй көмегіне өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсан ішінде алынған, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек, он сегіз жасқа дейінгі балаларға арналған ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақылар, тұрғын үй көмегі, жерлеуге арналған бір жолғы жәрдемақы, бала тууына байланысты берілетін бір жолғы мемлекеттік жәрдемақыдан басқа табыстың барлық тұрлери ескеріледі.

5. Жиынтық табысты анықтау өтініш иесінің алған табыстары туралы ұсынған мәліметтері негізінде жүргізіледі.

Еңбек қызметінен түсетін табыс отбасының жиынтық табысында жұмыс орнынан еңбекақысы туралы ұсынылған мәліметтерге сәйкес ескеріледі.

Жеке меншік қосалқы шаруашылықтың (үй іргесіндегі телім, мал және құс), саяжай және жер телімінің (жер үлесінің) табысы өтініш беруші мәліметтерінің негізінде есептеледі.

Үй іргесіндегі телімінен, саяжай телімінен, сондай-ақ мал мен құс ұстаудан түсетін табыс өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанға есептеледі.

Жер телімінен (жер үлесінен) түсетін табыс жылдық табысты төрт тоқсанға бөлу жолымен анықталады.

6. Отбасының жиынтық табысы отбасы құрамында есептелген барлық адамдардың тоқсан ішіндегі табысын қосу жолымен есептеледі.

Отбасының бір айдағы орташа жан басына шаққандағы табысы отбасының тоқсан ішіндегі жиынтық табысын отбасы құрамында есептелген мүшелерінің санына және үш айға бөлу жолымен есептеледі.

7. Мүгедектерді, магистратураны қоса алғанда, құндізгі оқыту нысанында оқитын оқушылар мен студенттерді, тыңдаушылар мен курсанттарды, сондай-ақ I және II топтағы мүгедектерді, он алты жасқа дейінгі кемтар балаларды, сексен жастан асқан адамдарды, жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтүмен айналысатын азаматтарды қоспағанда, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі

уәкілетті органдарда тіркелмеген, еңбек істеуге қабілеті болса да жұмыс істемейтін адамдары бар табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегі тағайындалмайды.

## **2. Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі**

8. Тұрғын үй көмегін алу үшін «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қаулысының 4 тармағында көрсетілген құжаттар тапсырылады.

**Ескерту. 8 тармақ жаңа редакцияда - Қордай аудандық мәслихатының 2010.08.05 № 29-4 (2010 жылғы 01 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.**

9. Тұрғын үй көмегі келесі мөлшерлерде көрсетіледі:  
жетпіс еселенген айлық есептік көрсеткіш көлемінде тұрғын жайды ұстауға (жеке тұрғын үйді ұстаудан басқа) кондоминиум обьектісінің ортақ мүлкін жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін ақы төлеуге;

жиырма еселенген айлық есептік көрсеткіш көлемінде коммуналдық қызметтерді тұтынуға ақы төлеуге.

10. Тұрғын үй көмегін алушылар он күн ішінде қандай да болсын тұрғын үй меншігі нысандарының, отбасы құрамының, жиынтық табысының өзгергендері туралы, сондай-ақ, тұрғын үй көмегін дұрыс емес есептеу оқиғалары туралы уәкілетті органға хабарлайды.

11. Тұрғын үй көмегінен заңсыз алынған сомалар алушымен ерікті тұрде, ал бас тартқан жағдайда – сот тәртібімен қайтарылуға жатады.

12. Тұрғын үй көмегі аудандық бюджет есебінен осы мақсатқа қаралған қаражаттың шегінде екінші деңгейдегі банктер арқылы көрсетіледі.

**Ескерту. 12 тармақ жаңа редакцияда - Қордай аудандық мәслихатының 2010.08.05 № 29-4 (2010 жылғы 01 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.**